

2024 жылғы қаңтар-ақпандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы


Шығарылған күні: 2024 жылғы 18 наурыз
Келесі шығару күні: 2024 жылғы 17 сәуір

- 1. Түйінді тұстары
- 2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы
- 3. Глоссарий
- 4. Әдістемелік түсініктемелер
- 5. Байланысты басылымдарға сілтемелер
- 6. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары

2024 жылғы қаңтар-ақпанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 1809,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы қаңтар-ақпаннан (салыстырмалы бағамен) 7,9% көп.
Қызылорда облысында 64,4%, Астана қаласында 57,9%, Түркістан облысында 53,8%, Жетісу облысында 46,9%, Алматы облысында 45,5%, Батыс Қазақстан облысында 34,8% және Солтүстік Қазақстан облысында 32,4% елеулі өсуі байқалды.

2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы



Инвестицияның едәуір үлесін Атырау облысы алады (19,1%).

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индекстері

	2024 жылғы ақпан		2024 жылғы қаңтар-ақпан 2023 жылғы қаңтар-ақпанға
	2024 жылғы қаңтар	2023 жылғы ақпан	
Қазақстан Республикасы	129,3	114,0	107,9
Абай	198,0	117,9	104,7
Ақмола	141,9	63,2	60,2
Ақтөбе	320,6	125,7	100,5
Алматы	182,4	152,2	145,5
Атырау	77,0	73,3	77,0
Батыс-Қазақстан	190,8	180,8	134,8
Жамбыл	67,5	92,7	116,3
Жетісу	129,1	119,7	146,9
Қарағанды	123,2	115,8	109,2
Қостанай	103,2	123,1	112,8
Қызылорда	92,8	220,7	164,4
Манғыстау	73,2	71,9	96,0
Павлодар	208,2	129,7	126,9
Солтүстік Қазақстан	199,0	200,4	132,4
Түркістан	222,8	167,5	153,8
Ұлытау	84,7	83,1	111,1
Шығыс Қазақстан	194,7	111,3	116,9
Астана қаласы	182,0	179,9	157,9
Алматы қаласы	133,5	125,1	124,5
Шымкент қаласы	126,3	111,7	108,3

Жалпы республикалық күрделі салымдар көлемінің жартысына жуығын ірі және орта кәсіпорындар жүзеге асырады.

Кәсіпорындардың мөлшері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар


мың теңге

	Негізгі капиталға инвестицияларды игерді	Соның ішінде		
		Шағын кәсіпорындар	Орта кәсіпорындар	Ірі кәсіпорындар
2023 жылғы қаңтар-ақпан	1 616 382 572	656 648 845	105 526 120	854 207 607
2024 жылғы қаңтар-ақпан	1 809 357 363	956 691 544	154 863 294	697 802 525

Жалпы шығындардың 59,5% ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге, жалпы сомасының төрттен бірінен астамы машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға жұмсалады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ элементтерінің технологиялық құрылымы

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



- ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына кеткен шығындардың НКИ
- машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға және күрделі жөндеуге кеткен шығындардың НКИ
- негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындардың НКИ

Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қала береді, олардың көлемі 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 1439,7 млрд.теңгені немесе жалпы көлемнің 79,6% - құрады.

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 7% құрады, бұл ретте 2023 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 10,2% төмен.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі 4% алады.

Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	2024 жылғы қаңтар-ақпан		Анықтама: қорытындыға пайызбен
	мың теңге	қорытындыға пайызбен	2023 жылғы қаңтар-ақпан
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	1 809 357 363	100,0	100,0
қаражаттарды қоса алғанда:			
мемлекеттік бюджеттен	126 113 841	7,0	8,4
меншікті қаражат	1 439 651 064	79,6	81,7
банктердің кредиттері одан:	72 907 106	4,0	1,8
шетелдік банктердің кредиттері	6 029 857	0,3	-
басқада қарыз қаражаты одан:	170 685 352	9,4	8,1
резидент емес қарыз қаражаты	37 564 036	2,1	2,7

2024 жылғы қаңтар-ақпанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке (48%) (оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібіне және карьерлерді қазуына – 30,7%, өңдеу өнеркәсібі – 11,5%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (21,3%), көлік пен қоймаға (13,3%), ауыл, орман және балық шаруашылығы (3,9%) тиесілі.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	2023 жылғы қаңтар-ақпанға, пайызбен	Инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, пайызбен
Барлығы	1 809 357 363	107,9	100,0

оның ішінде:			
ауыл, орман және балық шаруашылығы	70 373 508	111,8	3,9
Өнеркәсіп	868 185 259	97,6	48,0
оның ішінде:			
кенөндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	554 773 444	84,9	30,7
өңдеу өнеркәсібі	208 443 930	136,9	11,5
электрэнергиясымен, газбен,бумен, ыстық сумен және	73 789 852	131,6	4,1
ауаны кондициялаумен жабдықтау			
сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою,	31 178 032	106,6	1,7
ластануды жою бойынша қызмет			
Құрылыс	29 217 462	265,5	1,6
көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мото-			
циклдерді жөндеу	37 501 054	102,5	2,1
көлік және қоймалау	241 477 881	147,0	13,3
тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	20 373 658	123,0	1,1
ақпарат және байланыс	23 250 602	144,8	1,3
қаржы және сақтандыру қызметі	22 532 325	255,3	1,2
жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	384 674 573	106,3	21,3
кәсіби, ғылым және техникалық қызмет	14 523 639	62,5	0,8
әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы			
қызмет	11 153 814	125,4	0,6
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік			
қамтамасыз ету	7 472 276	45,6	0,4
білім беру	30 019 743	156,4	1,7
денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	33 683 498	77,6	1,9
өнер, ойын-сауық және демалыс	13 302 934	98,9	0,7
өзге де қызметтер түрлерін көрсету	1 615 120	91,1	0,1

Электронды кестелер:

[Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы](#)

3. Глоссарий

Негізгі капиталға инвестициялар - инвесторлардың жаңа құрылыс, сондай-ақ объектінің кеңейту (объектінің бастапқы құнының ұлғаюына әкеп соғатын) жағдайында инвесторлар үшін экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық әсер алу мақсатындағы инвестициялар, машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алу, негізгі табынды, көпжылдық екепелерді қалыптастыруға кететін шығындар және т.б.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына және күрделі жөндеуге арналған шығындарға ғимараттар мен құрылыстарды салу, кеңейту, реконструкциялау, энергетикалық, технологиялық және басқа жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстар бойынша кешенді жұмыстардың шығындары, сондай-ақ тұрғын емес, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жөніндегі шығындар жатады.

Машиналар мен жабдықтарды сатып алуға арналған шығындар-машиналарды, Көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алуға арналған шығындарды қамтитын инвестициялардың технологиялық құрылымының элементі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар-жобалау-іздігіру жұмыстарына, ав-торлық қадағалауға, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстауға арналған шығыстар, мәдениетті биологиялық шығындарға арналған шығындар, сондай-ақ ұйымдар құрған немесе сатып алған, шаруашылық қызметте бір жылдан астам пайдаланылатын, ақшалай бағасы бар, иеліктен шығару қабілеті бар және кірістер әкелетін объектілерге жұмсалатын шығындар, бірақ материалдық құндылықтар емес.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі динамикадағы инвестициялық инвестициялардың өзгеруін сипаттайды, есепті және салыстырылатын кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің салыстырмалы бағалардағы қатынасымен анықталады.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Негізгі капиталға инвестициялар туралы статистикалық ақпарат инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің (жұмыс істейтіндердің санына және экономикалық қызмет түріне қарамастан) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының және жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың бастапқы статистикалық деректері негізінде қалыптастырылады.

Инвестициялық салымдарды есепке алу инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркелген жеріне қарамастан, нақты жүзеге асырылатын жер бойынша көзделген.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы айлық негізде қалыптастырылған жедел деректер жылдық деректермен нақтыланады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректер пайдалану бағыты бойынша (инвестиция (түпкілікті пайдалану) бағытының сипатына және инвестордың экономикалық қызметінің түріне байланысты) қалыптастырылады.

Толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтеме бойынша қол жетімді

5. Байланысты басылымдарға сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі»](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» \(индекс 1-инвест, айлық\)](#)

[Ақпараттық-талдамалы жүйесі «Талдау» \[www.taldau.stat.gov.kz\]\(http://www.taldau.stat.gov.kz\)/Инвестициялар және құрылыс статистикасы/ Инвестициялар](#)

[Сапа туралы есеп](#)

Жауапты шығарушы: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: А. Исабекова Тел. +7 7172 749778	Орындаушы: Н. Қайырбекова Тел. +7 7172 749317 E-mail: na.Kairbekovav@aspire.gov.kz	Адрес: 010000, Астана қаласы пр. Мәңгілік ел, 8 Министерліктер үйі, 4 кіреберіс
--	--	---	--